

Қазақстан тарихы 8 сынып

Сабақтың тақырыбы:

1837-1847 жылдардағы Кенесары
Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық
көтеріліс.



Сабақтың мақсаты:

Көтерілістің басталу себептеріне сипаттама беру. Кенесарының халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін күрескен мемлекет қайраткері екендігін, көтеріліс барысына тигізген ықпалын бағалау. Көтерілістің сәтсіздікке ұшырау себептерін және көтерілістің маңызын ашып көрсету.

Оқушыларды тарихи құбылыстардың талдай білуге және олардың арасындағы байланыстарды айқындай білуге, идеологиялық құбылыстардың таптық мәнін аша білуге баулу.

Кенесарыдай батырдың ерлігін дәріптей отырып, оқушылардың ұлттық сана – сезімін қалыптастыру, жеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие беру.



Қазақ дейтін бастау үшін бар көшті,
Елі үшін жорық жасап жан кешті.
Бөгенбай да, Қабанбай да, Абылай,
Тәуелсіздік жолын іздеп жан кешті.





Абылай хан (1711-1781)



**Кенесары Қасымұлы
(1802-1847)**

Кенесары Қасымұлы – хан, қазақтардың патшалық Ресей мен Қоқан хандығына қарсы ұлт-азаттық қозғалысының басшысы.

1-топ

1. Көтерілістің уақытын, себебін, сипатын, қозғаушы күшін, мақсатын, аумағын, кімге қарсы күресті анықта. Картадан көтеріліс аумағын көрсет

2. Топтастыр.

Кенесары
кім?

2-топ

(картадан негізгі оқиғаларын көрсет)

1. Даталармен жұмыс. Мерзімі, оқиғалар

2. Топтастыр.

Кенесары
не істеді?

3-топ Анықта

1. Жеңілу себептерін, тарихи маңызын

2. Топтастыр

Кенесары
несімен
атақты?

Несімен атақты?

Батырлығымен,
ұйымдастырушылығымен,
әділдігімен, әскери
қолбасшылық талантымен

Кім?

Батыр, қолбасшы,
хан, аса көрнекті
мемлекет қайраткері


Кенесары
Қасымұлы

Не істеді?

Қол бастады,
отаршылдыққа
қарсы күресті



КЕНЕСАРЫ ҚАСЫМУҒЫ БАСТАҒАН КӨТЕРІЛІС (1837-1847 жж.)



Кенесары кім?



батыр

**мемлекет
қайраткері**

қолбасшы

Кенесары

әділ

хан

**ұйымдас-
тырушы**



I деңгей

1. Кенесары қашан хан болып сайланды?

1841 жыл.

2. XIX ғасырдың 20-30 жылдары Хиуа хандығы қандай руларға қысым көрсетті?

Шекті, табыл, төртқара, байұлына

3. Отаршылдық қанауға қарсы, қазақтардың күресін кім басқарды?

Абылай ханның немерелерінің бірі сұлтан Саржан Қасымұлы басқарған.

4. Кенесары Қасымұлының көтерілісі қай уақытта, қай аймақты қамтыды?

1837-1847 жылдары, бүкіл Қазақстанды қамтыды.

5. Көкшетау өңірінен көтеріліске қатысқан сұлтандарды ата.

Шеген, Қанқожа Уәлиұлы, Таны Тортайұлы, Айғаным ханым.

II деңгей. “Даталар сөйлейді”

1. 1803, 1805, 1841 жылдары –

Кенесары қолы Ташкентке аттанды.

2. 1838 жылы –

Кенесары отрядтары Ақмола бекінісін тұтқиылдан шабуылдады.

3. 1835, 1842 жылдары –

Сібір әскери шебінен жіберілген Сотников тобы Кенесары жасақтарына қарсы шабуылды бастады.

4. 1843 жылы тамыз айы –

17 тамыз күні полковник Бизановтың қарулы тобы көтерілісшілерге қарсы ешқандай тойтарыс бере алмай, “Ор” бекінісіне қайтып оралды.

5. 1844 жылы шілденің 20-нан 21-не қараған түні –

Кенесары Қасымұлы ірі жеңіске жетті.

III деңгей:

1837-1847 жылдардағы Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс

Көтерілістің басталу себептері

Көтерілістің мақсаты

Көтерілістің басты қозғаушы күші

Көтеріліс қамтылған аймақ

Көтерілістің тарихи маңызы

Тест тапсырмалары

- 1836 ж. Кенесарының ағасы Саржанды өлтіруге бұйрық берген хан:
A) Қоқан ханы B) Хиуа ханы C) Бұқар әмірі
D) Ташкент билеушісі E) Ноғай ханы
- Кенесарының саяси көзқарастарының қалыптасына әсер еткен:
A) Әкесі Қасым сұлтан B) Ағасы Саржан C) Исатай Тайманұлы
D) Жоламан Тіленшіұлы E) Сырым Датұлы
- Кенесары Қасымұлы көтерілісі қамтыған аймақ:
A) Орта жүз B) Ұлы жүз C) Кіші жүз бен Орта жүз
D) Қазақстанның оңтүстігі E) Бүкіл үш жүз
- 1778 жылғы Сырым басындағы ауыр жағдай:
A) Балалары қайтыс болды B) Казактар тұтқынында болды
C) Қақтығыс кезінде ауыр жарақат алды D) Мал-мүлкі өртеніп кетті
E) Көтеріліс талқандалды.
- “Сырым Датұлы 1775 ж. көтерілісшілер топтары жетекшілерінің бірі” деп жазған:
A) Нұралы хан B) Генерал Н. Рейнсдорф C) Генерал А. Суворов
D) “Инвалид” газеті E) жазушы В. Даль
- Сырым 1791 ж. наурызда Табын және Кердері руларына қай жаққа көшуді ұсынды?
A) Арал өңіріне B) Хиуа маңына C) Ыстықкөлге қарай
D) Мұғалжар тауларына E) Жайық бойына

Сабақты бекіту:



Сөзжұмбақ “Кенесары”



1. Абылай ханның ісін жалғастырушы ұлттық батыр тұлғаны ата.
2. Сырым батыр басқарған көтерілістің аумағы.
3. Кенесары көтерілісін қолдаған рулар.
4. “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама, ақ мешін” апаты қандай әнді туғызды?
5. Кенесары тобы Ұлы жүзге қай жақтан келді?
6. Көкшетау өңірінен көтеріліске қатысқан ханым.
7. Туған жерді азат етуге біріккен қазақ батырларының бірі.
8. Патша үкіметі отарлауды жалғастыру үшін, қай өзендердің бойына бекіністер салды?

1. Абылай ханның ісін жалғастырушы ұлттық батыр тұлғаны ата.
2. Сырым батыр басқарған көтерілістің аумағы.
3. Кенесары көтерілісін қолдаған рулар.
4. “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама, ақ мешін” апаты қандай әнді туғызды?

Сырым мен Кенесары көтерілісінің салыстырмалы сипаты. “Венн диаграммасы”

Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс

Сырым Датұлы бастаған көтеріліс

Бүкіл үш жүзді қамтыған көтеріліс

Қоқандықтардың езгісінен қазақстарды азат ету

Феодалдық топтардың Кенесарыны қолдамауы

Көтеріліс 10 жылға созылды

Отаршылдық езгіге қарсы бағытталды

Қазақ өлкесіндегі ең ұзақ көтерілістер

Кіші жүзді қамтыған ұлт-азаттық көтеріліс

Қазақ феодалдарының арасындағы алауыздық және ру-аралық қақтығыстар

Көтеріліс 14 жылға созылды

Сематикалық картамен жұмыс:

№	оқиғалар жылдар	1836	1837	1838	1840	1841	1845	1847
1	Көтерілістің басталуы		+					
2	Қоқандықтардың Саржанды өлтіруі	+						
3	Әкесі Қасымды өлтіруі				+			
4	Кенесарының хан сайлануы					+		
5	Батыс Сібір генерал-губернаторына хат жолдауы			+				
6	Долгов пен Герн бастаған елшіліктің хан ордасына жетуі						+	
7	Көтерілістің аяқталуы							+

Үйге тапсырма:

«Мен хан болсам...» Шағын эссе жазу

